

"Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 мамырдағы N 509 қаулысы

"Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "МАК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - "МАК" ЖШС) 333474,89 ЕВРО (үш жүз отыз үш мың төрт жүз жетпіс төрт ЕВРО сексен тоғыз цент) мөлшерінде "Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша республикалық бюджет алдындағы берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелердің бір бөлігін қабылдау туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен
м ы н а л а р д ы :

1) осы қаулының 1-тармағында көзделген норманы;

2) "МАК" ЖШС-ның 11 жыл ішінде тең үлеспен республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтаруын;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатқа сыйақы есептеуді;

4) "МАК" ЖШС республикалық бюджет алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында тиісті Кепілдік туралы шартты ресімдеуді көздейтін "Медетші қор" жабық акционерлік қоғамы мен "МАК" ЖШС арасында келісім жасасуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі